

"Балқашмыс" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату және шетел инвестицияларын тарту бойынша шаралар кешенін өзірлеу мен өткізу жөніндегі конкурстық комиссияның шешімдерін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 13 желтоқсан N 1717. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.07.26. N 937 қаулысымен.

"Балқашмыс" акционерлік қоғамын құру және оның мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 тамыздағы қаулысының 6-тармағына сәйкес және "Балқашмыс" акционерлік қоғамын дамытуға шетел инвестицияларын тарту, оның акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сатудан алынған ақша қаражатының республикалық бюджетке түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жабық үлгідегі "Казмедъинвест" (Қазақстан) акционерлік қоғамының және "Джеральд Металз" (АҚШ) фирмасының техникалық ұсыныстары мұндай инвестициялық конкурс өткізу шарттарына сәйкес келмейтіндіктен, оларды инвестициялық конкурсқа одан әрі қатысадан шеттету туралы конкурстық комиссияның "Балқашмыс" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату және шетел инвестицияларын тарту бойынша шаралар кешенін өзірлеу мен өткізу жөніндегі 1995 жылғы 13 қазандығы шешімі (N 1 хаттама) бекітілсін.

2. Конкурстық комиссияның "Балқашмыс" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату және шетел инвестицияларын тарту бойынша шаралар кешенін өзірлеу мен өткізу жөніндегі 1995 жылғы 17 қазандығы шешімі (N 3 хаттама) бекітілсін.

Инвестициялардың жалпы көлемі мен сатуға ұсынылған мемлекеттік акциялар пакеті үшін төлемнің жалпы сомасы бойынша "Шкода" (Чехия) акционерлік қоғамы неғұрлым тиімсіз шарттар ұсынғанын ескеріп, "Балқашмыс" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің 29 процентін сату жөніндегі инвестиациялық конкурстың жеңімпазы болып "Кам Финанс С.А." (Швейцария) фирмасы танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Кам Финанс С.А." фирмасымен және "Балқашмыс" акционерлік қоғамымен келісіп, "Балқашмыс" акционерлік қоғамының өндірістік және кен базасын

кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған инвестицияларды жүзеге асырудың жоспар-кестесін әзірлең, өз шешімімен бекітсін;

"Кам Финанс С.А." фирмасына сату үшін оның жалпы акциялар пакетінің 29 проценті көлеміндегі "Балқашмыс" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті онда инвестициялардың жүзеге асырылу жоспар-кестесінің нақты орындалуына қарай акцияларды сату шарттарын қарастырып, "Балқашмыс" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін, оның жалпы акциялар пакетінің 29 проценті көлемінде сатып алу-сату шартын "Кам Финанс С.А." фирмасымен екі апта мерзімде жасасын.

5. "Кам Финанс С.А." фирмасының "Балқашмыс" акционерлік қоғамының жалпы акциялар пакетінің 29 проценті үшін оның толық сатылу құнының үштен бір бөлігіне сәйкес мөлшерде төлемді бірінші кезекте, қалған бөлігін - инвестицияларды жүзеге асыру жоспар-кестесінің орындалуына қарай іске асыру жөніндегі ұсынысына келісім білдірілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі